Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №26 (1893) 3 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

**2023 жылғы 22 маусымда Times Higher Education рейтингтік агенттігінің ресми сайтында Times Higher Education Asia University Rankings 2023 (THE AUR) рейтингінің нәтижесі жарияланды.**

## ҚазҰУ THE AUR 2023 рейтингінде үздік

Times Higher Education Asia University Rankings 2023 (THE AUR) рейтингінің қорытындысы бойынша, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан мен Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында бірінші болып Топ-351-400-ге кірді. Бұл ретте ҚазҰУ бірқатар индикаторлар бойынша позицияларын жақсартты және 50 позицияға көтерілді. Университет дәйексөз, индустрия, зерттеу және оқыту көрсеткіштері бойынша ең жақсы нәтиже көрсетті.

2013 жылдан бастап жыл сайын шығарылатын THE AUR рейтингі Азияның үздік университеттерін көрсетеді. Биыл бұл рейтингке Азия өңірінің 1000-ға жуық университеті қатысты, олардың арасында Цинхуа университеті, Пекин университеті, Сингапур ұлттық университеті, Гонконг университеті сияқты т.б. әйгілі жоғары оқу орындары бар.

ҚазҰУ озық ғылыми ұйымдармен және әлемнің танымал жоғары оқу орындарымен жемісті ынтымақтастық пен коллаборацияның арқасында THE AUR рейтингінде өз позициясын нығайтты.

**Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА**

# Басты мақсат – білім мен ғылымды дамыту

**ҚазҰУ-да кезекті ғылыми кеңес өтіп, онда жазғы емтихан сессиясының қорытындылары және 2022/23 оқу жылындағы индикативтік көрсеткіштердің орындалуы туралы баяндамалар тыңдалды.**



Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева бірінші мәселе бойынша сөйлеген сөзінде жазғы сессияға 15789 білім алушы қатысқанын атап өтті. ҚазҰУ студенттері 6094 емтихан тапсырды, оның ішінде 1581 – тест түрінде, 952 – ауызша түрде, офлайн режимде. Сондай-ақ онлайн форматта ауызша – 226 емтихан, жазбаша түрде офлайн режимде 2307 емтихан өтті.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда, 2022/23 жылдары онлайн форматтағы емтихандардың саны 14 пайызға кебейді, ал офлайн форматында 13,43 пайызға қысқарды. Сондай-ақ спикер жазғы емтихан сессиясы кезінде кітапханаға барып дайындалған студенттердің саны жоғары болғанын атап өтті. Барлық емтихандар 10-27 мамыр аралығында өтті. Сессия барысында ҚазҰУ-дың бакалавриат (87 пайыз), магистратура (92 пайыз) және докторантурада (96 пайыз) білім алып жатқандардың үлгерімі бойынша жақсы нәтижелер көрсетті. Сонымен, бакалавриат бойынша факультеттер арасында көшбасшылардың алғашқы үштігіне: тарих, география және табиғатты пайдалану, биология және биотехнология факультеттері кірді.

Магистратура бойынша (92 пайыз) журналистика, тарих, география және табиғатты пайдалану факультеттерінде жақсы нәтижеге қол жетті. Докторанттардың үлгерімі бойынша жоғары көрсеткіштерге жетіп, үздік бестікке – тарих, медицина және денсаулық сақтау, заң, журналистика және халықаралық қатынастар факультеттері кірді.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жазғы сессия барысында көрсетілген барлық кемшіліктерді, индикативтік қорытындыларды факультет декандары мен кафедра меңгерушілері талдап, пысықтауы тиіс екенін атап өтті. Ректор ҚазҰУ-дың барлық проректорларына жұмыс бағыттары мен индикативтік көрсеткіштер бойынша есеп жасап, нақты ұсыныстар беруді тапсырды.

**Гүл БАЯНДИНА**

# Филиалдың бірлескен жол картасы әзірленеді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚХР Солтүстік-батыс политехникалық университеті делегациясының қатысуымен «Ғылымдағы озық жетістіктер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.**



Шараға Алматы қаласындағы ҚХР бас консулы Цзян Вэй, Солтүстік-батыс политехникалық университеті Халықаралық ынтымақтастық кеңсесінің директоры Фули Чжан, материалтану және инженерия факультетінің деканы Цзиньшань Ли, профессорлар Ван Хунчян, Чжэ Лю, Хайян Ниу, Сяо Чжан және ҚазҰУ басшылығы мен оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары барысында жүргізілген екіжақты келіссөздерге тоқталды. Ресми кездесуде ҚазҰУ мен Қытай университеттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған құжаттарға қол қойылып, Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалын ашу туралы әріптестік келісім орнатылған болатын. Сондай-ақ Пекин мұнай университетімен ынтымақтастық туралы ниет білдіру хаты тапсырылып, ҚХР-дың ШҰАА География және экология институтымен қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану зертханасын бірлесіп құру туралы келісім, Шэньчжэнь университетімен өзара түсіністік туралы меморандум жасалды.

Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев: «ҚазҰУ базасында СБПУ филиалын ашудың жол картасын бірлесіп әзірлеу, ақпараттық технологиялар мамандарын даярлау, қосдипломды білім беру бағдарламасын енгізу, студенттік алмасу талқыланды. Сондай-ақ ортақ инновациялық жобаларды қолға алу, зертханалар ашу, материалтану технологияларын, инженерлік ғылымды дамыту жолдары қарастырылды», – деп атап өтті.

Алматы қаласындағы ҚХР-дың бас консулы Цзян Вэй ҚазҰУ-дың ҚХР-дың 50 жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынаста екенін жеткізіп, сенімді серіктестік үшін ризашылық білдірді.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Ауқымды саяси шаралар ұлт сапасын кемелдендіреді**

2-3 беттер



**Қанжығамызда – 88 медаль**

3-бет



**Фараби университетінің жаңа сайты іске қосылды**

4-бет

## Жетістік пен тәжірибе алмасу алаңы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан – Ресей: білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер, инновациялар және мүмкіндіктер» атты халықаралық конференция өтті. Шараға ҚазҰУ басшылығының, қазақстандық және ресейлік жоғары оқу орындарының өкілдері, білім беру саласындағы ғалымдар мен сарапшылар қатысты.**

Іс-шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөз сөйледі. «Біздің басқосу жетістіктер және болашаққа арналған жоспарлармен алмасу алаңы, – деп атап өтті ЖОО басшысы. – Өзіңе сырттан қарауға, білім беру кеңістігіндегі орның анықтауға мүмкіндік бар. Әрине, бұл жерде әріптестерді тыңдап, өзара тиімді ынтымақтастық жолдарын білу маңызды».

*Жалғасы 3-бетте*

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Ауқымды саяси шаралар ұлт сапасын кемелдендіреді

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан. Адал азамат» атты екінші отырысында ұлт келешегіне кепіл болатын бірқатар елдік мәселелерді ортаға тастады. Әділетті Қазақстанды құру үшін ең алдымен біртұтас ел болып жұмылу керектігін жұртшылықтың жадына салды. Берекелі қоғамның әр мүшесін «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ойлануға шақырды. Биік мақсат, ізгі мұраттарға жету үшін әрбір азаматтың адал азамат болуға ұмтылып, жүйелі жұмыс жасалуға тиіс екенін нықтап айтты.**



Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау, ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрия және шекаралас аймақтарды дамыту жолдарын жіктеп, нақты бағыттарын айқындап берді. Тұғырлы тұлғаларымыз мәңгілік тұрақ тапқан төрт қақпалы Түркістан шаһарының тарихи маңызына тоқталды.

«Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихқа алтын әріппен жазылды», – дей келе, қасиетті шаһар болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара беретінін жеткізді.

Түркістан қаласының шын мәнінде Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы көшірілген бес жыл ішінде түркі әлемінің рухани-мәдени астанасы ретінде қарқынды дамып келе жатқанының куәсіміз. Ұлы дала елі орталығы, Ясауи мұражайы, Түркістан кітапханасы, әуенді фонтан, шығыс моншасы, амфитеатр, әуежай, автовокзал, спорт мектебі, неке сарайы және басқа да сәулет өнерінің бірегей туындылары халықтың көзайымына айналды. Қазақтың бірлігі мен тұтастығын танытуда көне Түркістанның жаңа мүмкіндіктері әлі де көп.

Мемлекет басшысының отаншылдық қасиеттерді бойға сіңіру, дарынды жастарды қолдау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу пайымдары – күнделікті өмірде орындалуы міндетті іс-әрекеттер. Қоғамдық этика қалыптастыру, жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеу ұлттық идеологияның ажырамас бөлігі ретінде бір сәтте есімізден шықпауы тиіс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дейді. Махатма Гандидің «Әлемді өзгерткің келсе, алдымен өзіңнен баста» деген сөзі де бүгінде өзекті. Сонымен қатар XIV ғасырдың соңында салынған Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне ұлттық мәдени-тарихи ескерткіш мәртебесін беру, «Ясауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру ұсыныстары да өте құптарлық.

### ЖАҢА КІТАПХАНА ЗИЯЛЫ ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Қасым-Жомарт Кемелұлы «Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі» екеніне де маңыз беріп, тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу арманымен бөлісті. Мемлекет басшысы Анкарадан көрген Ұлттық кітапхана 2015 жылы салынған. 24 сағат үздіксіз жұмыс істейтін ғимарат 125 000 м² аумақты алып жатыр. Кітапхана қорында 2 360 000 баспа кітап, 2 033 103-ға жуық журнал саны бар. Сонымен қатар 69 дерекқордың ішінде 750 000 электрондық кітап, 120 000-ға жуық электрондық журнал мен 240 000 000 мақала сақталған. 2017 жылдың 3 маусымында қабылданған қарарға байланысты Түркияда жарияланған әрбір кітаптың бір үлгісі кітапханаға тапсырылады. Кешенде аспанасты кітапханасы, сирек қорлар, балалар кітапханасы, мерзімді басылымдар бөлмесі, зерттеу кітапханасы, оқу залдары, жастар кітапханасы, аудио және бейнежазба бөлімдерімен қоса, басқа да арнайы мақсаттағы кабинеттер мен залдар бар. Ғимарат ішінде жүруді қолжетімді ету үшін 23 лифт іске қосылған. Оның алтауы панорамалық болып табылады. Сонымен қатар Түркия Республикасы Президенттерінің кітаптары және 16 буын Түрік империясына қатысты кітаптар сақталып тұр. Сондай-ақ жастар кітапханасы, балалар кітапханасы, демалыс орындары, интернет бөлмесі және тамақтанатын орындармен қамтамасыз етілген.

Мемлекет басшысының арманы орындалып, елімізде бірегей кітапхана бой көтеріп жатса, Қазақстан Президентінің ұлттық кітапханасы зиялы ұлттың, жаңа Қазақстан жастарының тың бейнесін қалыптастырары сөзсіз.

Осы кітапхана ішінде көрнекті зиялы қауым, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің көшбасшылық, шеберлік дәрістері өтіп, шығармалары жанр-жанрға бөлініп талданып жатса... Бір өкініштісі, бізде мұндай жұмыстар көп жағдайда секция жұмыстары ретінде ғана қарастырылады. Онда да әлемдік классиктердің шығармасын бүге-шігесіне дейін жіліктеп беретін кітапқұмарлар мен білікті сыншылар саны көп емес. Кітапмандардың ой бөлісетін ортасы және кітапқұмар жастардың білімін пайдаға асыратын құрылымдар жоқ. Жаңа қалыптасып келе жатқан әдебиет, өнер сыншыларына арналған жұмыс орындары қарастырылмаған. Алысқа бармай-ақ, көрші Ресейден алатын жақсы үлгіміз бар. Жоғары оқу орындарында танымал жазушылар, әдебиеттанушылар, публицистер, әдеби сыншылар жыл он екі ай сабақ береді. Университет қабырғасынан бөлек, түрлі мәдениет орындарында оқырман сұранысымен жаңа шыққан кітаптар мен классик жазушылардың шығармашылық қолтаңбасына талдау жасайды. Әдеби өмірдің өткені мен келешегіне көз жіберіп, қазіргі кезең тұрғысынан баға береді. Ол аз десеңіз, ютуб желісінде ашып қойған жеке каналдары бар. Эфир арқылы мыңдаған тұтынушының сұрағына жауап беріп, сын жанрында сараптамалық сұхбат ұйымдастырады. Сол арқылы жастарды кітап оқу ісіне тәрбиелеп, көркем әдебиеттің зерттелуіне, заманға сай дамуына, жас сыншылар шоғырының танылуына зор үлес қосып келеді. Мысалы, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, Әлем әдебиеті кафедрасының оқытушысы Евгений Жариновтың ізденісі үйренуге және тәжірибеге енгізуге тұрарлық. Өйткені біздің елімізде студенттерге сабақ беріп әрі лекцияларын университет сайтына жүктеп немесе әлеуметтік желіге салып қойған қарымды қаламгерлер кемде-кем. Қазіргі таңда Е.Жариновтың лекцияларын тыңдау үшін немесе әлем әдебиетін талдаған әңгіме-сұхбаттарымен, рецензия, мақалаларымен танысу үшін сол университетте оқу міндетті емес. Осы бағытта білімін жетілдіремін деген жас сыншылар үйде отырып-ақ интернет арқылы қол жеткізе алады. Қазақстан жазушылары да заман сұранысынан қалмай, өз мүмкіндіктерін жан-жақты жүзеге асырғаны дұрыс.

Кейде қолым қалт еткенде букинистік немесе ірі кітап дүкендеріне бас сұққанымда жастардың көптеп кітап сатып алып жатқанын байқаймын. Мемлекет қолдау жасаса, олардың арасынан қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетін жетік меңгерген, сөз өнерін сауатты зерделеп беретін заманауи біліктегі жазушылар мен әдеби сыншылардың суырылып шығарына сенемін. Президент арманындағы кітапхана көп ұзамай бой көтеріп, дүниенің төрт бұрышынан Е.Жаринов сияқты сұранысқа ие классиктер шақырылып, оған жастар жапатармағай барып жатса, нағыз зиялы ұлт ордасына, құндылықтар құтханасына айналар еді.

### САРАПТАУ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ ҚҰРЫЛУЫ ТИІС

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуге тиіс» екенін еске салды. Қордаланған мәселелерді жан-жақты зерттеулер негізінде шешу қажеттігіне басымдық берді. Сараптау-талдау орталықтары желісін жасақтап, кешенді бағдарлама әзірлеуді ұсынды. «Сараптама орталықтары еліміз егемендік кезеңінде жүріп өткен жолдың әр бағытын зерттеуге тиіс. Кемшіліктердің себеп-салдарын анықтау қажет. Үкімет жаңа жоспар жасағанда осы факторлар ескерілуі керек. Ғылым мен зерттеуге негізделген саясат табысты болады», – деп атап өтті.

Осы ретте мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік зерттеу жүргізіп, ұсынымдар даярлауға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының әлеуеті жеткілікті екенін айтқым келеді. Өйткені қаралы қаңтар оқиғасынан кейін орын алған оқиғаға ғылыми тұрғыда талдау жасап, себебін анықтау мақсатында университетте жедел сарапшы-ғалымдар тобы құрылған болатын. Факультеттер фокус-топтарға бөлініп, сараптамалық бағалаулар, психологиялық зерттеулер, қоғамдық сауалнамалар ұйымдастырды. Идеологиялық сипаттағы іс-шаралар өткізудің технологиялары, әлеуметтік-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулары мен алгоритмдері құрастырылды. Зерттеу бағыттары ұлттық қауіпсіздік, геосаяси жағдай, саяси мәдениет, саяси психология, экономика, құқықтық қамтамасыз ету, әлеуметтік саясат, дін және экстремизм, этносаралық қатынастар салаларын қамтыды. Сондай-ақ Қазақстанның халықаралық имиджі, Қазақстан моноқалаларындағы еңбек наразылықтары, дағдарыстық және дағдарысқа қарсы коммуникация жоспарлары сараланды. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін беделді ғалымдар, академиктер, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми-зерттеу институттары мен тиісті құрылымдар жұмылдырылды. Университеттің «Farabi Media» ютуб каналында 50-ден астам «Ойталқы», «Мозговой штурм» сараптамалық бағдарламасы түсіріліп, 200-ге жуық ғалым-сарапшы өзекті мәселелердің астарына үңілді, шығу жолын қарастырды. Қазіргі уақытта зерттеушілеріміз еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы бойынша талдау жүргізіп, мүдделі мемлекеттік құрылымдарға, әртүрлі деңгейдегі арнайы қызмет орындарына кешенді шешімдер мен нақты ұсыныстар дайындап үлгерді.

Сондықтан Президент жүктеген алтыншы бағыт ҚазҰУ ғалымдарының алдағы уақытта да әлеу-

QAZAQ UNIVERSITETI №26 (1893), 3 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

меттік ізденістері мен жаңа мүмкіндіктерін жандандыруға серпін бермек. Өйткені «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы өз миссиясын атқару үшін ЖОО жанындағы түрлі әлеуметтік зерттеу институттары мен ақыл-ой орталықтарының ұсынымдары аса маңызды.

Қолданбалы әлеуметтік зерттеулер ауқымдылығы, әдістері қанша кең, бәсекеге қабілетті болса, соғұрлым сапалы, сенімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Кез келген қауіптің салдарымен емес, себебімен күресуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, ғылым мен зерттеуге негізделген сараптау-талдау қызметін тиімді жүргізетін мықты орталықтар желісін университеттерде де құру оңтайлы болмақ. Өйткені мемлекеттік тапсырыспен жасалатын зерттеулер бюджет есебінен қаржыландырылғанымен, олардың базасы қолжетімді емес. Орындаушыларды ғылыми орта танымайды және кәсіби біліктіліктері көп жағдайда күмән тудырады. Нәтижесінде қандай еңбектер шығарылып, қайда таралып жатқаны белгісіз. Ғылыми сараптау-талдау орталықтарын университет базасында ашу шетелдік тәжірибеде де бар. Барлық мемлекеттегі сараптамалық зерттеу орталықтары жоғары оқу орындарының негізінде жұмыс істейді. Білім беру бағдарламалары ғылыми-сараптамалық қабілеттіліктерді шыңдайтын дағдылар мен біліктерге бағытталған. Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы «Экологиялық қауіпсіздік және табиғатты пайдалану», «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту проблемалары бойынша зерттеулер», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар», «Қазақстанның инновациялық дамуын құқықтық қамтамасыз ету» ғылыми-зерттеу институттары және «Әлеуметтанулық зерттеулер мен әлеуметтік инжиниринг орталығы», «Дінтанулық зерттеулер және экспертиза орталығы», «Саяси зерттеулердің ақпараттық орталығы», «Психологиялық технология және инновация орталығы», «Гендерлік білім ғылыми-зерттеу орталығы» және басқа да қоғамдық зерттеу орталықтары сапалы әрі сұранысқа ие интеллектуалды өнім ұсынуға дайын.

Қазіргі сәтте мәдени мұра, ұрпақ тәрбиесі және ұлттық құндылықтар, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер және теңсіздік мәселесі бойынша зерттеулер жүргізілуде. Қазақстандық қоғамдағы кикілжің: факторлар мен тәуекелдер, Қазақстандағы діни ахуал, қоғам мен тұлғаның психологиялық салауаттылығы тақырыптары қоса қамтылды.

Көпшіліктің басым бөлігі дәстүрлі ақпарат көздеріне қарағанда, әлеуметтік желілердегі хабарламаларға көп сенетіні байқалады. Сондықтан әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде экстремистік материалдардың таралуын анықтау бойынша жұмысты күшейту қажет. Сонымен қатар мемлекеттік қызметке орналасу, әскери және құқық қорғау органдарына оқуға түсу кезінде діни сауаттылық негіздерін білуге тестілеуді енгізу керек. Бұл шара халықтың жалпы сана-сезімі мен діни сауаттылығын арттырады. Отандық діни білімі бар кәсіби кадрларды, атап айтқанда: қазақ, орыс, араб тілдерін меңгерген, сондай-ақ жамағатпен жұмыс істей алатын, сараптамалық жұмысты жеткілікті деңгейде меңгерген исламтанушылар мен теологтерді дайындау күн тәртібінде тұр.

Жеке тұлғалардан, тіркелмеген діни бірлестіктерден діни білім алуға заңды тыйым салу да маңызды. Бұл шара жастарды деструктивті діни идеологиялардың ықпалынан сақтап, дін және діни білімнің дамуына жол ашады. Жастармен жұмыс істейтін әлеуметтік-педагогикалық мамандарды мақсатты даярлауды қолға алу орынды болмақ. Қоғамның әл-ауқатын және психикалық денсаулығын зерттеу бойынша әлеуметтік-психологиялық зерттеулер жүргізуді үйлестіру, жүйелеу және реттеу үшін мемлекеттік және ұлттық ғылыми мекемелер – Психология ғылыми-зерттеу институты және Әлеуметтану ғылыми-зерттеу институтын құрудың да қажеттілігі бар.

### ҚАРА ШАҢЫРАҚТА «АБАЙ ІЛІМІ» ОҚЫТЫЛА БАСТАДЫ

Қазақстан Президенті: «Мен мемлекеттік тілді дамытуға баса мән беріп отырмын. Қазақ тілін қолдану аясы барлық салада кеңейіп жатыр. Қазір тіліміз дамымай жатыр деп алаңдауға ешбір негіз жоқ. Болашақта мемлекеттік тілдің тұғырын нығайта түсу үшін басқа да маңызды шаралар қабылдаймыз», – деп, тілімізді дамыта түсу үшін нақты іс-әрекетке көшу керектігін жеткізді.

Бұл тұрғыда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасында, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында қазақ тілінің грамматикасы мен практикалық курсы оқытылады. Сондай-ақ жаратылыстану факультеттерінде соңғы екі жылдан бері тіл ғылымының лексикология бөлімі пән ретінде бөлек енгізілді. Сонымен қатар жалпы университет бойынша «Абай ілімін» негізгі пән ретінде оқыту екі жылдан бері жолға қойылды. Биылдан бастап қазақ тілін деңгейлеп оқыту жүйесі бекітілді. Жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салалары бойынша жыл сайын «Қазақ университеті» баспасынан ҚазҰУ ғалымдары Ғылыми кеңестің шешімімен қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруда. Мәселен, бір ғана IT мамандықтары бойынша қазақ тілінде 100-ге жуық еңбек жарық көрді. Университет алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамытуды жүйелі жалғастыра береді.

## ТҮЙІН

**Ұлттық құрылтайда қарастырылған мәселелер мен Президент берген тапсырмалар бойынша университетте жұмыс жоспары құрылып, жүзеге асыру жолдары талқылану үстінде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз мүмкіндіктерін толығымен пайдаланады. Өйткені ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, Қазақ елінің адал азаматтары ретінде әділетті Қазақстанды бірге құру – ортақ міндетіміз.**

# Жетістік пен тәжірибе алмасу алаңы

*Соңы. Басы 1-бетте*



Бүгінгі таңда Ресейдің 140 университетімен 195 келісімге қол қойылды. ТМД Желілік университеті аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ресей халықтар достығы университетімен, Санкт-Петербург мемлекеттік университетімен, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетімен, Алтай мемлекеттік университетімен және Оңтүстік Орал мемлекеттік университетімен бірлесіп қосдипломды білім берудің магистрлік бағдарламаларын іске асырады. Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқып жатқан Ресей Федерациясының 53 студентінің 11-і білім беру гранты бойынша, ал келісімшарт негізінде 42 студент білім алуда.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ негізінде МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы ашылып, онда бакалавриат және магистратура бойынша білім бағдарламалары іске асырылуда.

«Біз Қазақстанның Ресей университеттерімен халықаралық мәдени-білім беру интеграциясын дамытуға мүдделіміз», – деп атап өтті Жансейіт Қансейітұлы.

Конференция барысында білім беру жүйесін жетілдірудің өзекті мәселелері, инновациялық әдістемелер мен мүмкіндіктері талқыланды.

**Гүл БАЯНДИНА**

# Білім ордасына Гарвард профессоры келді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Гарвард университетінің және ҚазҰУ-дың профессоры, Географиялық талдау жасау орталығының зерттеуші-ғалымы, тарихшы Нұрлан Кенжеахметпен кездесу өткізді. Жүздесуде тараптар «Көне Түркі қағанатының тарихи географиясы» атты монографияны жазу бойынша өзара пікір алмасты.**



ҚазҰУ басшысына Нұрлан Кенжеахмет жүргізген зерттеу жұмыстары мен жазып шыққан кітаптары туралы ақпарат берді. Сондай-ақ құрметті қонақ өз сөзінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Гарвард университеті арасындағы ынтымақтастықты дамытуда барлық күш-жігерін салатынын жеткізді.

Кездесуден соң Нұрлан Кенжеахмет оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер алдында «Қазақ хандығының тарихи географиясы» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Н.Кенжеахмет көшбасшылық дәрісі барысында бүгінге дейін атқарған жұмыстары туралы толық ақпарат берді.

«Мен Гарвард университетінде жұмыс істеп жүрген кезімде Қазақстан туралы екі монография жазып шыққан болатынмын. Біріншісі – «Қазақстанның ортағасырлық тарихи географиясы» атты монография, кітап XIII-XVI ғасырлар аралығын қамтиды. Екіншісі – жақында шыққан «Қазақ хандығының тарихи географиясы» атты монография. Менің қазіргі жұмысым – Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстандағы да тарихи жер-су аттарын анықтап, географиялық картада көрсету. Біз көбіне көне жер-су аттарын білмейміз, оны білмеген соң, бұрынғы шекарамыз қалай бекітіліп, қай кезде, кімдердің белгілегенінен де бейхабармыз. Көне тарихи атауларды қалыпқа келтіру қажет. Жалпы, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу бойынша тарихи географияның қазақ тағдырына үлкен ықпалы бар», – деді спикер.

Дәріс соңында тыңдаушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ой-пікірлерін ортаға салды.

**Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА**

# Қанжығамызда – 88 медаль

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде XII жазғы универсиада жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.**



Ақтау қаласында өткен универсиадада еліміздің барлық жоғары оқу орындарынан 3000-нан астам студент спорттың 20 түрінен сынға түскен болатын. ҚазҰУ спортшылары XII жазғы универсиада ойындарының нәтижесі бойынша командалық есепте 88 медаль жеңіп алып, бас жүлдеге ие болды.

Салтанатты шарада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев спортшыларды жеңісімен құттықтап, университет абыройын арттырғаны үшін алғысын білдірді.

«Осы байрақты бәсекеде ҚазҰУ спортшылары жеңіс тұғырынан көрініп, 88 медаль жеңіп алды. Атап айтқанда: спортшыларымыз 36 алтын, 27 күміс және 22 қола медальді еншіледі. Сіздерді өз атымнан және өздеріңіз білім алып жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттік спортта үнемі үлкен жетістіктерге жетіп келеді. Сіздер университет мерейін өсіріп, абыройын көтердіңіздер. Бұл сіздердің және жаттықтырушы ұстаздарыңыздың еңбегі. Осы орайда, XII жазғы универсиада ойындарына қатысқан барлық спортшылар мен жаттықтырушыларға арнайы сыйақы беріледі», – деді ректор.

Сөз соңында университет басшысы Жансейіт Түймебаев спортшылар мен жаттықтырушыларды XII жазғы универсиадада үздік өнер көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапаттады.

Өз кезегінде спортшы жастар университет басшылығы мен тәлімгерлерге қолдау мен зор сенім үшін ризашылықтарын жеткізіп, ҚазҰУ-ға кубоктарын табыстады.

Айта кетейік, XII жазғы универсиада ойындарына ҚазҰУ-дан 150-ге жуық спортшы қатысқан болатын. XII жазғы универсиада ойындарында бірінші орын алған спортшылар 28 шілде мен 8 тамыз аралығында Қытайдың Чэнду қаласына өтетін дүниежүзілік универсиадаға жолдама алды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқу ордасы қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымының төрағасы, профессор Талғат Мекебаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған «Отан тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

# Отан тарихының өзекті мәселесі



Іс-шараға университет басшылығы, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, тарихшылар, Талғат Құмарғалиұлының әріптес-достары, белгілі ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты. Конференцияны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. Ректор өз сөзінде Талғат Мекебаевтың еңбек жолына тоқталды.

«Талғат Мекебаев – қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 1990 жылғы түлегі. Еңбек жолын оқу ордасындағы Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасында ассистент болып бастаған. Әр жылдары тарих факультеті деканының орынбасары, факультеттің сырттай оқу бөлімінің деканы қызметін абыроймен атқарды. 2000-2011 жылдар аралығында бірінші проректордың орынбасары, оқу жұмысы жөніндегі проректордың көмекшісі болып еңбек етті. 2011 жылдың ақпан айында ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподақ ұйымының төрағасы болып тағайындалып, бүгінге дейін жемісті қызмет етіп келеді. Табандылығы мен біліктілігінің арқасында қарапайым қызметкерден басшы лауазымына дейін көтерілді», – деді ректор.

Талғат Мекебаев 100-ге жуық ғылыми жұмыстар мен кітаптардың авторы. 2019 жылы профессор Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 2020 жылы Талғат Мекебаевқа тарих мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағы берілді.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Фараби университетінің жаңа сайты іске қосылды




**Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа веб-сайты іске қосылды.**

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тапсырмасына сәйкес, сайт оқуға құжат тапсыратын талапкерлер мен студенттерді және оқытушы-профессорлар құрамын университет қызметімен ақпараттандыруға арналған. Кәсіби талаптарға сай дизайнмен әрленген интерактивті сайт жеңіл басқарылады. Сонымен бірге университеттің электронды кітапханасымен, Univer, Power Bi аналитикалық жүйелерімен интеграцияланған. Сайтта студенттер мен талапкерлерге қажетті білім беру бағдарламаларын жедел іздеу жүйесі мен онлайн-төлем қызметі қосылды.

Навигациясы ыңғайлы сайт құрылымы екі рет басу арқылы қолданушыларға қажетті мәліметтерді жылдам табуға мүмкіндік береді.

Жаңа сайттың негізгі артықшылықтары:

*– заманауи, қолдануға ыңғайлы UI / UX дизайн;*

*– икемді, масштабталатын микросервистік архитектура;*

*– барлық мобильді құрылғыларға жылдам бейімделеді;*

*– университеттің тұтас әрі бірізді экожүйесін қалыптастыру үшін барлық басқа веб-жобаларға негізгі сайттың дизайн жүйесі таралады.*

Әзірге жаңа сайт www.farabiuniversity.kaznu.kz доменімен пилоттық режимде жұмыс істейді. 2023 жылдың 3 шілдесінен бастап www.farabi.university доменіне көшіріліп, толыққанды қызметіне кіріседі.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

# Қазақ диаспорасының тарихын зерттеген ғалым

**Халқымызды ілім-білімге бағыттауға шексіз еңбек сіңірген Алаш арыстарының бірі, ағартушы әрі педагог Ахмет Байтұрсынов атамыз: «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан шығар», – дегенді бекер айтпаған болар. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстандағы ең алғашқы университеттердің бірі, қара шаңырақ аталып келген Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің ұстаздары университеттегі барлық факультеттер мен мамандықтарға сабақ беріп, бәсекеге қабілетті білімді жастарды тәрбиелеп, олардың алға қарай ұмтылуына, ғылым мен білімге бейім болуына қосқан үлесі зор.**



Тарихын білмей, алға қарай даму мүмкін емес. Төл тарихымызды оқыту арқылы біз білімді, болашағын болжай алатын, саналы әрі Отанын сүйе білетін, рухы жоғары жаңа буын жастарды қалыптастыра аламыз.

Бүгінгі жас буынды тәрбиелеу, білім беру саласында үздік педагогтердің ішінде ерекше оқытушылардың бірі, ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы, зерттеуші ғалым, білімді кадрлар даярлауға өзінің үлесін қосып келген тарихшы-ғалым Гүлнар Қозғамбаеваның орны бөлек. Үлгі-өнеге болатын ұлағатты ұстаздардың өмірі – ғибрат, қалдырған ғылыми мұрасы – өшпес қазына Гүлнар Бестібайқызының өмірі мен қызметіне тоқталып өтуді жөн деп таптым.

Гүлнар Бестібайқызы 1990 жылы М.Әуезов атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін «Тарих және педагогика» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп, 1994-98 жылдар аралығында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ аспирантурасын оқып, 1999 жылы «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: бүгіні мен ертеңі» тақырыбында диссертация қорғап, Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. 2000-09 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, 2009-12 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасында аға оқытушы, доцент (2011 ж.) қызметтерін атқарды. Сөйтіп, қызметтің барлық баспалдақтарынан өтіп, 2013 оқу жылынан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУдың тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасына доцент қызметіне орналасып, бүгінгі күнге дейін сәтті жалғастырып келеді.

Гүлнар Бестібайқызы 2022 жылы желтоқсанда тарих мамандығы бойынша профессор атағын иеленді. Әрі 2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері болуына орай, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің төсбелгісімен және стипендиясымен марапатталды.

Ғылым жолын педагогикалық қызметпен ұштастыра білген ұстаздың педагогикалық еңбек өтілі 33 жыл ішінде үш ғылыми монография, 12 оқу құралын жазды. Бес оқу-әдістемелік құрал мен бір электронды оқу құралы, үш электронды оқулық (авторлық бірлестікте) және «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәні бойынша дайындалған МООК авторы (авторлық бірлестікте) кеңінен танымал болды. Сонымен қатар 165-тен аса ғылыми мақалалары мен баяндамалары бар, оның ішінде ҚКСОН басылымдарында 51 мақала және шетелдерде өткен конференцияларда жасаған баяндамалары негізінде 15-і жарық көрген. Scopus мәліметтер базасына енген журналда жеті мақаласы жарияланған, оның ішінде төрт мақаланың процентилі 50-ден жоғары.

Гүлнар Бестібайқызының педагогикалық шеберлігі шыңдалған, кәсіби біліктілігі жоғары ұстаз деуге толық негіз бар. Ұстаздың жетекшілігімен бакалавриат пен магистратурада көптеген шәкірттері диплом, диссертациялық жұмыстарын жоғары деңгейде қорғап, кәсіби маман ретінде түлеп ұшып жатыр. Ал 2020 жылы ҚР ЖОО студенттерінің XI республикалық студенттік пәндік олимпиадасында (Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ) және 2021 жылы ҚР ЖОО студенттерінің XII республикалық студенттік пәндік олимпиадасында (Л.Гумилев атындағы ЕҰУ) Гүлнар Бестібайқызының жетекшілігіндегі тарих мамандығының студенттері олимпиада жеңімпаздары атанып, жүлделі орындарға ие болды. Профессор Г.Қозғамбаева жылда өтетін «Фараби әлемі» атты халықаралық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясында магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмысына жетекшілік жасап, үздік баяндамалары үшін марапатқа ие болып жүр. Биыл, мәселен, 1-курс магистранты Е.Байдәулет жүлделі 2-орынды иеленді.

Бірінші курс магистранттарының ғылыми тарих-география тобының эдвайзер-кураторы ретінде қызмет атқарып жүрген профессор Г.Қозғамбаева тарих факультеті мен университеттегі басқа факультеттерде «Қазақстан тарихы», «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Жаңа заман тарихы» пәндерінен бакалавриат студенттеріне және 1-2 курс магистрлеріне «Оқытушы-тарихшының методикалық құзыреттіліктері», «XIX ғасырдағы Орталық Азияның картографиялық зерттеулері», «Тарихты оқытудағы инновациялық әдістер» пәндерінен сабақ беріп, жас ұрпақты білімге баулып, рухани тәрбие беруде.

Ғылым жолында Гүлнар Бестібайқызы сыртқағы қазақ диаспорасының тарихын зерттеген білікті маман. Сонымен қатар тарихты оқыту әдістемесі мен технологиялары бойынша көптеген еңбектердің авторы. Зерттеуші ретінде тарих саласында өзекті тақырыптар бойынша алыс және жақын шетелдерде өтетін конференциялар мен симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасайды. Мәселен, Түркия, Әзірбайжан және т.б. елдерде өткен конференцияларға қатысып, кәсіби шеберлігін шыңдап, авторлық патенттер мен әртүрлі деңгейдегі дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттармен марапатталған.

Гүлнар Бестібайқызы Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері бойынша тест тапсырмаларын құрастырушы және сарапшысы ретінде 2019 жылдан бері қызмет етеді. Бұл ғалымның жауапкершілігі мол, білімі терең, кәсіби машықтанғанын көрсетеді.

Профессор Гүлнар Бестібайқызы кафедрада, ұжымда білікті маман, адамгершілік қасиеті жоғары, өз жұмысын жауапкершілікпен істейтін адал да қарапайым және шәкірттері алдында беделді тұлға.

Ұлағатты ұстаз, ғалым, шебер ұйымдастырушы ретінде Г.Қозғамбаева әлі бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп, елімізде білімді педагог кадрлар даярлауда өзіндік үлес қосатынына сенеміз.

**Нәзия ТАСИЛОВА,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.*

QAZAQ UNIVERSITETI №26 (1893), 3 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**Көрнекті ғалым-педагог, мәдениеттанушы, философ, профессор Сәдуақас Темірбеков Қазақ ұлттық университеті философия бөлімінің 1954 жылғы түлектерінің бірі. Ардақты азамат қазақтың әйгілі философтары – Ағын Қасымжанов, Жабайхан Әбділдин, тұңғыш диссидент Мақмет Құлмағамбетпен бірге оқыды. Есімдері аталған халқымыздың біртуар, аяулы перзенттерінің әрқайсысының ұлт тарихындағы орны бөлек. Сәдуақас Темірбеков шын мәнінде халқымыздың зиялы тұлғасы, кемел ойшыл, абыз ақсақал, мәуелі бәйтерек, ұлт қайраткері еді.**

# Биік парасат иесі еді...

## ФИЛОСОФ, МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ СӘДУАҚАС ТЕМІРБЕКОВ ЕСІМІ ОРТА МЕКТЕПКЕ БЕРІЛДІ



ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №741 қаулысымен Түркістан облысында 26 мектеп пен үш кітапханаға тарихи тұлғалардың есімі берілген болатын. Солардың қатарында Төлеби ауданы Алғабас елді мекеніндегі жалпы орта мектепке мемлекет және қоғам қайраткері Сәдуақас Темірбековтің есімі берілді. Биыл ойшыл есімінің мектепке берілуіне байланысты Алғабас ауылында ресми ашылу салтанаты өтті. Мектеп ауласына ғалымның бюсті орнатылып, мұражай кабинеті ашылды. Аталған іс-шараға ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің бір топ оқытушысы арнайы барып қатысты.

Сәдуақас Темірбекұлының Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің ғылым және білім мекемелері бөлімін басқарған кездері еліміздің білім беру жүйесі үшін аса жемісті жылдар болды. Ғылыми-зерттеудің жаңа бағыттары қолға алынып, сапалы мамандар құрамымен толықтырылды. Ғылыми мектептердің қатары молайып, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы күшейе түсті. Қайраткердің білім мен ғылым саласына сіңірген орасан зор еңбегінде азаматтық болмысы, терең білімі, талғам биігі, іскерлігі жарқырай көрінді.

Сәдуақас Темірбекұлының білімі, ойшыл ғалымдығы мәдениет философиясын зерттеуде де нақты көрініс тапты. Ғалым елімізде алғашқылардың бірі болып мәдениеттану ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты. Аталған саланың теориялық мәселелерін зерделеген көптеген еңбек жазды. Ғалым биік парасат иесі, ұлттық мәдениеттің қыры мен сырын терең меңгерген жан болумен қоса, сол мәдениеттің даналық маржандарын терген зергер һәм құнарының зерделі жеткізушісі де еді. Қазақ мәдениетінің тарихи бастауларын, өркендеу кезеңдерін, өркениеттің арнасын, тарихы мен болашағын електен өткізіп, өзіндік болмысымыз бен дәстүрімізді, дүниетанымымыз бен әдет-ғұрыптарымызды, тілімізбен ділімізді де тереңінен саралады.



Сәдуақас Темірбековтің еңбекқорлығы мен жеткен жетістіктері ғалымдар мен мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар үшін үлгі-өнеге. Еліміздің дамуына белсенді араласып, ғалым, қоғам қайраткері ретінде білім мен ғылым, әлеумет өміріндегі игі бастамаларға үн қосты. Мемлекеттік қызметтен кейін альма матері – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттерге дәріс оқыды, ғылыми зерттеулермен айналысты. Әрдайым жастардың жанашыр тәлімгері болып, шәкірттеріне өнегелі білім беріп, ел алдындағы мәртебесі одан әрі биіктей берді.

Саналы ғұмырын ұлтын ағарту ісіне, ғылымға арнаған абызымыздың есімі мәңгі есімізде. Алғабас ауылындағы мектепке Сәдуақас Темірбеков есімінің берілуінің де айрықша мәні бар деп есептейміз. Туған топырағынан түлеп ұшып, ұлт мақтанышына айналған кемеңгердің тәлімі мен мирасы жас жеткіншектерге, еліміздің болашақ қайраткерлеріне шын мәнінде үлгі-өнеге болары анық.

**Бекжан МЕЙІРБАЕВ,**
*философия және саясаттану факультетінің деканы*

**Әсет ҚҰРАНБЕК,**
*Философия кафедрасының меңгерушісі*

# Тактильді кітаптағы ескерткіштер тарихы

**Миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан адамзат өркениеті алғашқы жасалған тас құралдан бастап, ең соңғы ғылым мен техника жетістіктерін және рухани мәдени байлық үлгілерін түгел қамтитыны белгілі. Орталық Азияның төріне орналасқан Қазақстанның кеңбайтақ даласында ғаламдық өркениеттің барлық ескерткіштерін кездестіреміз.**

Сонымен бірге бұл өлкенің әлемдік өркениетке қосқан ұлттық мәдениеті де бар. Қазақстан территориясы адамзат тарихындағы екі мәдениет – көшпелілік пен отырықшылықтың түйіскен, қатар орналасып аралас-құралас өмір сүрген және төл мәдениетінің үздік үлгілерін бір-бірінен қабылдаған тарихи ғажап аймақта орналасқан.

Адамзат тарихындағы халықтардың аса ірі қоныс аударулары кезеңінде бұл аймақта сан түрлі халықтардың мәдени, рухани және тарихи ескерткіштерінің кешендері қалыптасты. Осы бағасыз байлықтың иесі, сақтаушысы, зерттеушісі, жаңғыртушысы да және бұл жайлы әлем халқын хабардар етуші де тәуелсіз Қазақстан Республикасы. Бұл көпсалалы, ауыр да абыройлы міндетті атқару адамзат өркениеті алдындағы борышымыз.

Тәуелсіз Қазақ елінің әрбір еркін азаматы, ел болу үшін өзге бауырлас елдермен тереземіз тең болу үшін бізге міндетті түрде ата тарихымыздың куәсі болған ата мұраларымызды айрықша қастерлеуіміз керек.

2003 жылы бұл мәселе Қазақстан халқына арналған жолдауда көтеріліп, артынша 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Бүкіл адамзат тарихының дамуымен, біздің тарихымыздың тығыз және ажырамайтын байланысы және өзара қатынасының нәтижесі болып саналатын, материалдық және материалдық емес мәдениет пен рухания ескерткіштерін сақтауға бәріміз міндеттіміз. Сондықтан да Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана (ЗНКААРК) алғашқы рет өз пайдаланушылары үшін мәдени ескерткіштерге (кесенелерге) арналған «Қазақстан Республикасының ескерткіштерінің тарихы және мәдениеті тактильді кітапта» атты басылым шығара бастады. Тактильді кітаптардың сипаттамасы жайпақ баспа, нүктелі-бедерлі және бедерлі-графикалық, электронды тасымалдағышта берілген.






Әрбір тактильді кітап бірегей туынды. Оның басты мақсаты – зағип жандарға қоршаған әлемді нақты сезініп, көз алдына келтіре білетіндей және пайдаланулырына жеңіл, тартымды, қолайлы етіп жасау. Сол сияқты зағип жандарға жан-жақты білім алуында және тәрбиелеуде маңызы зор. Бұл тактильді кітаптар сіздерді қазақ халқының маңызы зор қолөнерімен және мемлекет тарапынан қорғалатын шығыстың тарихи ескерткіштерімен таныстырады.

Кітапханадағы тактильді кітаптар XI-XII ғасырларда өмір сүрген ару қыз Айша бибі, Қарахан, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб кесенелері, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Тайқазан және т.б. тарихи ескерткіштерге арналған. Бұл кітаптар оқырмандарға тағы да бір өткен тарих парақтарына үңілуге мүмкіндік береді.





Тактильді кітаптарды шығарудағы негізгі мақсат – зағип, сондай-ақ нашар көретін оқырмандарға қоршаған әлемді зерттеуге және қабылдауға көмек беру. Оның көмегімен үлкен және кішкентай заттарды бейнелей алуға болады, оларды қазіргі түрінде қолмен тексеру мүмкін емес. Көптеген қарама-қарсы құбылыстар мен ұғымдарды тактильді кітаптағы суреттер мен заттар арқылы оңай түсіндіруге мүмкіндік бар. Мәселен, 1984 жылдан бері Финляндияда зағип және нашар көретін оқырмандарға арналған тактильді кітаптар жасалып келеді. Қазіргі уақытта Финляндияның зағиптар кітапханасында 300-ден астам кітап қоры бар, айтарлықтай өте көлемді кітап қоры, өйткені тактильді кітап жасау процесі өте көп уақытты қажет етеді. Тек суретшілер мен дизайнерлерден ғана емес, сонымен қатар тифлопедагогтер мен дефектологтерден де жоғары біліктілікті талап етеді.

Жоғарыда аталған тактильді кітаптар ЗНКААРК-ның кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология бөліміндегі «Оңалту» кабинетінде орналасқан. Сонымен қатар оңалту кабинетінде зағип жандарға, кейіннен жүре көз жанарынан айырылған зағиптарға Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуды үйретеді. Көз ақауы бар және жүре көз жанарынан айырылған зағип балалардың саусақ ұшы сезу қабілеттерін дамытуға, жұмыс істеу жасындағы жастар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды кеңістікті бағдарлауға бейімдейді. Сонымен бірге оңалту техникалық құралдары жайында ақпарат бере отырып, зағип балалары бар ата-аналармен жұмыс, зағип жандардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үшін өзі-өзіне қызмет ету әдістері мен тифлотехниканы пайдалануға, әлеуметтік қарым-қатынас жасауға, әлеуметтік тәуелсіздікке, бос уақытын тиімді пайдалануға үйрету жұмыстары жүргізіледі.

Бүгінде қазіргі заман құрылымына сәйкес, адам баласының қоршаған ортасын бірсарындылыққа әкелетін ғаламдандырудан қорғау шарасы ретінде мәдени мұра ескерткіштерін елге әйгілеу, сақтап қалу ерекше маңызды шаруа болып отыр. Еліміздің әрбір мұрасы біз үшін бағалы әрі қастерлі. Мәдени мұраларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатынына кәміл сенімдіміз.

**Баян АСАНОВА,**
*т.ғ.к., доцент*

**Жансая ҚОСМЫРЗА,**
*«Кітапханалық ақпараттық жүйе» мамандығының 1-курс докторанты*

# Тюркское эхо в мировой эпической культуре

**Недавно в НИИ тюркологии и алтаистики при поддержке Научно-образовательного фонда «Аспандау» состоялся научно-теоретический семинар «Тюркское эхо в мировой эпической культуре», посвященный 60-летию переводчика, эпосоведа, тюрколога Кайрата Жанабаева.**

В рамках семинара состоялась презентация монографии «Поэтический текст в обряде и ритуале: генезис, формы и функции», издание которой было осуществлено в рамках реализации проекта «Исследование художественно-определительной системы, «формульной стилистики» и грамматики поэзии жырау XV-XVIII в. Частотный словарь» (по программе грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2021-2023 годы Министерства науки и высшего образования РК).

В мероприятии приняли участие иностранные гости, ученые из России и Казахстана, молодые ученые и студенты. Модератором семинара выступила доктор филологических наук, профессор и директор НИИ тюркологии и алтаистики Нурсулу Жамалбековна Шаймерденова, которая поприветствовала участников и поделилась своими мыслями о значимости темы семинара.

С поздравительным словом выступили Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев. Декан филологического факультета, доктор филологических наук, профессор Баян Джолдасбекова поздравила юбиляра и вручила Кайрату Жанабаеву медаль КазНУ «Ерен еңбегі үшін» за бесценный вклад в науку. Президент научно-образовательного фонда «Аспандау» Арнур Нуркатов поздравил и сказал о значимости выхода книги «Поэтический текст в обряде и ритуале: генезис, формы, функции» (Қазақ университеті, 2023). В адрес юбиляра прозвучало поздравление от члена Президиума МАПРЯЛ, Президента Казахстанского общественного объединения «КАЗПРЯЛ», члена НЭС АНК Казахстана, профессора Элеоноры Сулейменовой.



В числе иностранных гостей были ученые из Уральского Федерального университета имени первого Президента России Б.Ельцина. С поздравительным словом выступила доктор психологических наук, профессор, директор Уральского гуманитарного института УрФУ Сыманюк Эльвира. В своем выступлении она подчеркнула роль исследований, посвященных истории языка и культуры. Также она вручила директору НИИ тюркологии и алтаистики КазНУ памятный подарок и пожелала успешного международного сотрудничества.

На семинаре также выступили известные казахстанские ученые и деятели науки: А.А. Мауленов, А.Б. Наурызбаева, М.Ш. Сарыбай, А.Ж.Жаксылыков и др. Все докладчики, говоря о вкладе Кайрата Жанабаева в развитие тюркского эпосоведения, отметили важность выхода научной монографии для культурной и научно-педагогической жизни Казахстана. В завершение мероприятия Кайрат Жанабаев выразил свою искреннюю благодарность всем присутствующим, а также высказал глубокую признательность организаторам семинара.

Научно-теоретический семинар, который прошел в гибридном формате и объединил участников из разных стран и городов Казахстана, стал важным событием в области исследования эпической культуры. Студенты-практиканты подарили свой символический подарок – трогательный видеоролик о юбиляре и его учителе – Едыге Турсунове, чье великое дело было продолжено Кайратом Жанабаевым. Кроме того, он дал возможность молодым исследователям расширить знания и представления о традициях и трендах тюркологии, в частности эпосоведения. В конце мероприятия для гостей состоялась автограф-сессия и вручение книг юбиляра.

**Джемма АМАНЖОЛОВА,**
*к.ф.н., ст. препод.*

**Адия КАИРЖАНОВА,**
*магистр, препод. кафедры русской филологии и мировой литературы*

# Журналистика – профессия мечты

**Профессия журналиста многогранная: она дает возможность познакомиться с интересными и успешными людьми, узнать новую информацию одним из первых и делиться ею с остальными, отражать различные точки зрения о событиях. Это реальная возможность помогать людям, вникая в их проблемы. Более того, журналистика – это творческая профессия, именно здесь можно в полной мере реализовать свои способности и мечты, оставаясь при этом честным и непредвзятым. Без труда журналиста в мире наступила бы великая тишина и всеобщее незнание.**





Чем больше я узнавала о профессии журналиста, тем яснее осознавала, что не вижу себя в других специальностях. Родители всегда давали мне свободу выбора профессии, и сразу поддержали мою инициативу. Но есть одна особенность профессии журналиста, которая выделяет ее из множества перечисленных, и которая, я считаю, мне очень подходит: необходимость постоянного роста – как интеллектуального, так и профессионального. Чтобы освещать разные события, писать о странах, людях, о новейших научных открытиях, надо самому в этом хорошо разбираться, «соответствовать». А это предполагает расширение кругозора, словарного запаса, умение творчески мыслить. Все это и пугает, и воодушевляет одновременно. Да, возможно, я самоуверена и амбициозна одновременно, но, думается, это не самые плохие качества для начинающего свой путь журналиста.

Сколько себя помню, у нас дома всегда были свежие газеты и журналы. А родители каждый вечер смотрели новости по телевизору. С журналистами же я познакомилась как только поступила в университет, где по практическим занятиям у нас преподавали шеф-редакторы как печатных изданий, так и телевидения. Большую честь я бы хотела отдать своей кафедре, за то, что раскрыли мой талант и только еще больше заинтересовали в этой профессии, как журналист. С 1 курса я начала снимать свои собственные репортажи, на абсолютно разные, и в первую очередь актуальные темы. Мою первую работу оценила заведующая кафедры журналистики Мукашева Маншук Тынышкалиевна. Именно благодаря ее опыту в сфере журналистики, наши лекции проходили очень интересно и познавательно. Участвовали в различных семинар-тренингах, мастер-классах от профессионалов своего дела. Так получив хорошую поддержку со стороны преподавательского состава, я продолжала снимать и монтировать собственные видео. Также некоторые мои статьи выходили на официальной странице сайта университета. Пройдя на 2 курсе производственную практику на телеканале «Каспиан ньюс» Все началось с того, что я выполняла дополнительные задания от шеф-редактора, практиковала свои базовые знания в операторстве и искусстве монтажа. Операторы и монтажеры вызывали искренний интерес, особенно когда объясняли, как они работают, и порой разрешали поучаствовать в процессе, делясь секретами профессии. Ну а попробовать себя в журналистике мне предложил шеф-редактор телеканала. Увидев во мне потенциал, он вскоре хотел продолжить со мной сотрудничество.

Моя карьера журналиста вовсе не начиналась с написания текстов. Будучи стажером, мне дали собственную платформу, где я продолжала заниматься с 1 курса. Процесс съемки, монтаж и поиски идей – вот что нужно начинающему журналисту. Ну а после я начала стремительно заниматься и другими существенными вещами. Я стала СММ-щиком телеканала. Изучение алгоритмов социальных сетей и следить за статистикой аудитории – дело не из легких.

Каждое мероприятие является для меня ступенькой для преодоления внутренних противоречий и возможности изменяться: становиться уверенным, раскованным, не бояться быть самим собой. Именно профессионалы, и, главное, очень чуткие и отзывчивые люди, работающие в «Каспиан ньюс» и на кафедре журналистики, раскрыли во мне новые возможности: как личностные, так и профессиональные.

Понимаю, что стать настоящим журналистом нелегко. Тем не менее, не хочу упускать шанс осуществить мечту, ведь от этого будет зависеть вся моя дальнейшая жизнь – в том мире, который называют информационным, и в котором средства массовой информации – «четвертая власть».

**Нурсая ЭЛЬБРУСОВА,**
*студентка 2 курса кафедры журналистики Атырауского университета имени Х.Досмухамедова*

QAZAQ UNIVERSITETI №26 (1893), 3 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**В последние десятилетия наблюдается массовый, беспрецедентный рост коммерческих азартных игр. Благодаря современным технологиям различные виртуальные игры, в том числе азартные стали более доступными и разнообразными. Игроки могут использовать мобильные телефоны для запуска онлайн-слотов, внесения депозита в течение нескольких секунд и игры на деньги. Во всем мире также наблюдается значительный рост онлайн-азартных игр. С каждым днем увеличивается количество игроков в результате распространения игорных заведений, интернет-казино, шаговой доступности игровых автоматов, маркетинговых стратегий субъектов игорного бизнеса. Ожидается, что это будет продолжаться, распространяясь на новые группы населения во всем мире.**

# Игромания и меры ее профилактики

Гэмблинг (gambling) в переводе означает «игра на деньги». Слово произошло от английского слова «game» – игра. В МКБ-10 игромания имеет код F63 (расстройства привычек и влечений) и F63.0 (патологическое влечение к азартным играм). Гэмблинг как форма аддиктивного поведения в научной литературе описывается ещё такими терминами, как гамблинг, патологическая азартная игра, азартомания, игромания, лудомания. Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ) добавила данное расстройство в МКБ-11 как клиническое состояние, связанное с дистрессом или вмешательством в функционирование личности. Это было связано со значительным увеличением проблем, сопутствующих заболеваний и другого вреда, связанного с азартными играми, а также необходимостью разработки программ общественного здравоохранения, усиления политики и стратегии профилактики.

Согласно статистике зависимости от азартных игр во всем мире, около 26% населения, или 1,6 миллиарда человек, играют в азартные игры, а глобальная проблема азартных игр составляет от 0,12 до 5,8%. В Казахстане, как и всему миру растет количество игроманов. Услуги казино, букмекеров и прочих «дилеров азарта» уже заметно превышают услуги в области спорта, культуры или искусства. Объем услуг по организации азартных игр и заключению пари на 21,3% больше показателя в сфере спорта, организации отдыха и развлечений, в 9 раз превышает объем услуг библиотек, архивов, музеев и прочих объектов культуры и сразу в 12 раз больше, чем показатель в области творчества, искусства и развлечений. При этом еще в первом квартале 2021 года деятельность по организации азартных игр и заключению пари уступала по объему услуг деятельности в области спорта, организации отдыха и развлечений, а в первом квартале 2020 года у отрасли был самый низкий показатель среди всех вышеперечисленных секторов.

В депутатском запросе «О принятии комплексных мер по борьбе с игроманией» заместителю премьер-министра РК сообщается, что средний размер долга казахстанского игромана колеблется в пределах 10 миллионов тенге, 7 из 10 пар в Казахстане расстаются из-за игромании, участились уголовные преступления и случаи суицида.



**ПРИЧИНЫ ИГРОМАНИИ**

Психологические науки рассматривают гэмблинг как патологическую тягу к игре (pathological gambling), как расстройство сферы влечений и компульсивную склонность к азартным играм, болезненное состояние, характеризующееся неконтролируемой психологической зависимостью от игры. Отметим, что в психологической литературе присутствует две точки зрения, рассматривающие гэмблинг как аддикцию (сравнивая её с алкоголизмом и наркоманией) и как одну из форм обсессивно-компульсивного расстройства.

Неконтролируемое желание порыва или азарта от выигрыша может привести к навязчивой азартной игре. Нет никакой известной причины этого расстройства. Сопутствующие проблемы, связанные со здоровьем человека, психическим здоровьем и общим самочувствием, являются одними из самых сильных факторов риска развития зависимости от азартных игр. Определенные факторы могут увеличить риск зависимости от азартных игр, включая биологические, генетические факторы и факторы окружающей среды. Определенные личностные характеристики, такие как конкурентоспособность, импульсивность и беспокойство, также могут способствовать повышенному риску зависимости от азартных игр. Люди, у которых есть член семьи, страдающий проблемами с азартными играми, также с большей вероятностью будут вести себя подобным образом. Более того, компульсивные азартные игры могут быть связаны с определенными расстройствами психического здоровья, такими как злоупотребление психоактивными веществами, депрессия, тревога и расстройства личности.



**ПРИЗНАКИ И СИМПТОМЫ ЗАВИСИМОСТИ ИГРОМАНИИ**

Зависимость от азартных игр иногда называют «скрытой болезнью», потому что в ней нет явных физических признаков или симптомов, как при наркотической или алкогольной зависимости. Обычно люди, страдающие игроманией отрицают или преуменьшают проблему, даже перед самими собой. Индивид с постоянным и повторяющимся проблемным поведением в азартных играх, приводящее к клинически значимым нарушениям и, проявляющий четыре (или более) из следующих симптомов в течение 12 месяцев:

- *Играет на все возрастающие суммы денег, чтобы достичь желаемого азарта;*
- *Проявляет беспокойство или раздражительность при попытке сократить или прекратить азартные игры;*
- *Лжет, чтобы скрыть степень вовлеченности в азартные игры;*
- *Ставит под угрозу или теряет важные отношения, работу;*
- *Полагается на других в предоставлении денег в отчаянных финансовых ситуациях, вызванных азартными играми.*

**ЛЕЧЕНИЕ ИГРОМАНИИ**

Лечение зависимости от азартных игр начинается с того, что человек признает свое расстройство. Это может быть одной из самых сложных частей лечения, поскольку часто игрокам очень трудно признать, что у них есть проблема. В некоторых случаях лекарства, которые лечат психические расстройства, такие как антидепрессанты или стабилизаторы настроения, могут помочь уменьшить склонность к азартным играм. Долгосрочное лечение для преодоления зависимости от азартных игр часто фокусируется на изменениях поведения и поддержке. В зависимости от потребностей и ресурсов индивидуума лечение может включать стационарные программы, амбулаторные программы или, в некоторых случаях, стационарное лечебное учреждение. Важно отметить, что, несмотря на лечение, человек все еще может подвергаться риску рецидива, особенно при контакте с другими игроками или в игровой среде. Первый рекомендуемый шаг – поговорить с этим человеком. Хотя вы не можете заставить человека противостоять своей зависимости, вы, безусловно, можете предложить свою поддержку, если чувствуете, что это безопасно. Вы также можете побудить человека обратиться за профессиональной помощью в борьбе со своей зависимостью, когда он почувствует себя готовым.

**ПРОФИЛАКТИКА ИГРОМАНИИ**

Специалисты отмечают, что в последние годы зависимость к азартным играм чаще устанавливается у молодых людей 25-30 лет. Следовательно, профилактика игроманиив в семье должна проводиться уже с подросткового возраста в семье. Родителям необходимо объяснять ребенку, почему нельзя увлекаться азартными играмии какие могут быть последствия такого увлечения. Специалисты по аддиктологии считают, что Профилактика гэмблинг-зависимости может считаться успешной, если в ходе проведенных мероприятий удалось сформировать в обществе слушателей позитивную мотивацию к нормальным социальным ценностям и познавательным процессам, освободить от навязчивых мыслей тех, кто уже имел опыт участия в азартных играх. Нельзя оставлять без внимания зависимость от азартных игр.

Азартные игры — широко распространенная во всем мире деятельность, которая з приносит сотни миллиардов долларов прибыли. Однако для большого количества людей и их близких родственников азартные игры связаны с риском развития серьезной проблемы как игромания. Это единственная включенная зависимость, не связанная с какими-либо веществами. Таким образом, вред от азартных игр может рассматриваться как серьезная проблема населения и общественного здравоохранения. Бремя вреда, связанного с азартными играми, примерно такое же, как и вред, приписываемый злоупотреблению алкоголем и алкогольной зависимости. Существует острая необходимость регулирования данной проблемы органов управления общественного здравоохранения как на национальном, так и международном уровнях для расширения возможности раннего вмешательства и лечения.

**Наталья ГЛУШКОВА,**
*PhD, и.о.профессора*

**Салтанат МАМЫРБЕКОВА,**
*PhD, зав.кафедрой эпидемиологии, биостатистики и доказательной медицины*

№26 (1893), 3 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ • АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

QAZAQ UNIVERSITETI

# Студенттерге арналған стендтер жобасы

**Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымдары «Әртүрлі мамандықтағы оқушылар мен студенттерге арналған оқу-зертханалық стендтер шығару» жобасын жүзеге асыруда.**



«Елімізде оқу стендтері өндірісі нашар дамыған. Нарықта көптеген қымбат стендтер бар. Ең көп тарағаны – электронды компоненттер жиынтығы. Олар арнайы шартты графикалық белгілермен жұмыс істейді және аналогтік элементтерді зерттеуге арналмаған. Сондықтан нарыққа өз өнімдерімізбен шығуға үлкен мүмкіндігіміз бар. Бұл үшін қазіргі таңда жобамызға инвестиция қажет», – дейді стартап инженері Ғалымжан Арын.

Жоба авторлары дайындаған отандық оқу-зертханалық стендтерінің артықшылығы: бағасы қолжетімді, жоғары сапа, құру технологиясы жеңіл әрі жылдам. Сонымен қатар қолданылу аясы кең. Мұндай стендтердің модификациясы білім беру мекемелерінің сұранысы мен қажеттілігіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Команда құрамында әзірлеуші инженерлер Ғалымжан Арын мен Мерей Амангелдинов бар. Оларға студенттер Мейіржан Бауыржанұлы мен Ержан Төкенұлы көмектеседі. Стартапқа техника ғылымының докторы, PhD Данияр Исмаилов пен инженер Еркін Ақтаев жетекшілік етеді.

Қазіргі таңда команда әзірлеген «Электр тізбектеріне арналған оқу стенді», «Талшықты оптикалық байланыс желісіне арналған оқу стенді» және «Цифрлық электроникаға арналған оқу стенді» бойынша авторлық патенттер алынды. Олар электроника және электр тізбектері курсы бойынша зертханалық жұмыстарды орындауға және трансформатор мен қозғалтқыштың сипаттамаларын зерттеуге арналған. Сондай-ақ бүгінде цифрлық электроникаға арналған оқу стендіне сараптама жасалуда.

Жас ғалымдар алдағы уақытта өнімдерді сертификаттап, шағын сериялы өндірісті іске қосуды жоспарлауда.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

# ҚазҰУ-да тәжірибеден өткеніме ризамын

**Мектеп қабырғасында оқып-жетіліп, түлеп ұшатын уақыт таяғанда «болашағымды қай саламен байланыстырамын» деген сан қилы ой қиялымды жаулады. Дәл осы шақта балалық арманыма қанат бітіріп, ғұмырымды журналистикамен жалғауды жөн көрдім.**



Осылайша ересек өмірге қадам басып, арманыммен қатар, қарекет етер мақсатым айқындала түсті. Ес білгелі анам екеуміз теледидарға телміріп, ешбір жаңалықты жібермей, телебағдарламаларды тағатсыздана тамашалайтын едік. Сол сәттен бастап көгілдір экранның арғы жағындағы өмірді көргім келді. Жұлдыздай жарқыраған журналистермен жүзбе-жүз жолықсам дедім. Жазуға бейімделіп, кезінде анам үзбей оқитын аудандық «Кен Жылыой» газетіне жазған алғашқы мақалаларым жарық көргенде «Мен журналист боламын!» деген балалық арманыма бір қадам жақын қалғанымды сезетінмін. Содан Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің журналистика мамандығының мемлекеттік грант қатарына іліккен студенті атандым. Менің бір түсінгенім, жан-тәніңмен қалаған мамандықты қанша оқысаң да, жалықпайды екенсің. Сол себептен алғашқы оқу жылы қызықты әрі жылдам өте шықты.

Студент атану – мүмкіндіктерге ие болу. Біз әр сабақта журналистиканың қыр-сырын танып, жазуға бейімделіп, болашақ журналист болуға машықтандық. Атырау университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі Мәншүк Мұқашева ұстазымыз «Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Qazaq universiteti» газетінен оқу практикасынан өтіп, тәжірибе алмасуға барасыңдар» дегенде ерекше қуандым. Өйткені білікті журналист боламын деген әр студент аға буынның ізін жалғап, осы оқу орнында оқып білім алуды, тіпті оны көруді армандайды.

Сөйтіп, ҚазҰУ-ға да келіп жеттік. Суреттен әдемілігіне тамсана қарайтын зәулім ғимаратты көзбе-көз көрдім. Осылайша ішке имене кіріп, жетекшім, танымал журналист Гүлзат Нұрмолдақызының басшылығымен редакцияның ішкі жұмысымен таныстым. «Qazaq universiteti» басылымының бөлмелері кең, жарық, тамаша екен. Заманауи техникамен жабдықталыпты. Қара шаңырақ университеттің Ақпарат және коммуникациялар департаментінің сайтын, телестудиясын, Ақпарат және мониторинг секторын, Баспасөз қызметін көріп, риза болдық. Журналистика факультетіне барып, қазаққа танымал аға-апаларымыз оқыған факультетпен танысып қайттық. Аптаға жалғасқан оқу практикасында материалдарды жинақтау, зерттеу және мақала жазу мен өңдеуге машықтандым.

Рақмет саған, ҚазҰУ!

**Аида АБДРАХМАНОВА,**
*Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Журналистика кафедрасының 1-курс студенті*

---

75 1948-2023 жыл

## «QAZAQ UNIVERSITETI»

### ГАЗЕТІ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ, СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ» КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**1.1.** Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.

**1.2.** Конкурсқа еліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.

**1.3.** Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.

**1.4.** Конкурсқа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

### 2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

**2.1.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін арттыру.

**2.2.** Конкурсқа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтімен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

**2.3.** Конкурсқа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсқа» деген айдармен жіберілуі қажет.

### 3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**3.1.** Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.

**3.2.** Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп танылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.

**3.3.** Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.